

## 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Шемонаиха ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 18 наурыздағы N 332 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Шемонаиха аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 30 наурызда N 5-19-145 тіркелді. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шемонаиха ауданы әкімі аппаратының 2011 жылғы 29 желтоқсандағы N 2/2893 хаты)

**Ескерту. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Шемонаиха ауданы әкімі аппаратының 2011.12.29 N 2/2893 хаты).**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы, 1-тармағы 8)-тармақшасына, «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 19, 20, 21, 23-баптарына сәйкес, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 03 наурыздағы № 1163 Жарлығы, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 3 наурыздағы № 1163 Жарлығын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 11 наурыздағы № 250 қаулысы негізінде, Шемонаиха ауданының әкімдігі

**Қ А У Л Ы** **Қ А Б Ы Л Д А Й Д Ы :**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2011 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының қатарына кезекті мерзімді әскери қызметке шақырылсын.

2. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес аудандық шақыру комиссиясының жеке құрамы құрылсын және бекітілсін.

3. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес аудандық шақыру комиссиясының жұмыс кестесі бекітілсін.

4. Қала, кенттер және ауылдық округтердің әкімдері, азаматтардың мерзімді әскери қызметке шақырылуын уақтылы және ұйымшылдықпен өткізу үшін:

1) әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі азаматтардың шақыру учаскесіне толық және уақтылы келуін қамтамасыз етсін;

2) әскерге шақырылушыларды тасымалдау кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттары өкілдерінің алып баруымен жүргізілсін;

3) шақыру комиссиясына қажетті құжаттарды дайындап, тапсыруды қамтамасыз етсін.

5. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің Денсаулық сақтау басқармасының «Шемонаиха ауданының медициналық бірлестігі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның директорына (Т. Толстопятова, келісім бойынша) ұсынылсын;

медициналық комиссияның жұмысын, мерзімді әскери қызметке шақырылушы азаматтардың сапалы куәландыруларын бақылауға алу; қорғаныс істері жөніндегі бөлімді аудандық медициналық комиссиясы маман дәрігерлермен, орта дәрігерлік қызметшілермен жинақтау бойынша шараларды қабылдау.

6. «Шығыс Қазақстан облысы ішкі істер департаментінің Шемонаиха ауданының ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығына (Р.Т. Рамазанов, келісім бойынша) ұсынылсын:

әскери қызметке шақырудан бұлтартқан азаматтарды іздеу, облыстық жинақтау пунктіне жіберу кезінде шақыру пунктерінде тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету;

қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің аумағында полиция қызметкерінің кезекшілігін ұйымдастыру.

7. Ішкі саясат бөлімінің бастығы (Т.С. Степанова), мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі бастығының міндетін атқарушы (А.А. Шипулина) шақыру кезеңінде әскери қызметке шақырылушы жастармен тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру және шақырылушылардың салтанатты аттануын өткізуге белсене қатысып, командалардың қалыптастырулары мен аудандық шақыру пунктінен аттандыруға дейін Қарулы Күштердің соғыс және еңбек ардагерлерімен кездесулерді ұйымдастырсын.

8. Шемонаиха ауданының қаржы бөлімінің бастығы (Н.Р. Крузмягина) 2011 жылға арналған аудандық бюджетпен белгіленген мөлшерде, азаматтарды

шақыру бойынша шараларды қаржыландыруды жүргізсін.

9. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарына азаматтарды шақыруды уақтылы және ұйымшылдықпен өткізу үшін 4 адам санында қызметшілер (техникалық қызметшілер) жұмысқа алынсын. Төлемақы 2011 жылға арналған бюджетте белгіленген қаржы шегінде жүргізілсін.

10. 2010 жылғы 24 мамырдағы Шемонаиха ауданы әкімдігінің № 65 "2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы" қаулысы (2010 жылғы 02 шілдеде № 5-19-122 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде тіркелді), 2010 жылғы 18 қазандағы Шемонаиха ауданы әкімдігінің № 177 "2010 жылғы 24 мамырдағы № 65 "2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысы (2010 жылғы 11 қарашада № 5-19-132 нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу реестрінде тіркелді) өз күшін жойды деп танылсын.

11. Осы қаулының орындалуын бақылау Шемонаиха ауданы әкімінің орынбасары Т.Д. Колтуноваға жүктелсін.

12. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шемонаиха ауданы әкімінің*  
*міндетін атқарушы* *Г. Акулов*  
*Келісілді:*

*Шемонаиха ауданы қорғаныс*  
*істері жөніндегі бөлімнің бастығы* *М. Чурбанов*  
*Шемонаиха ауданы ІІБ бастығы* *Р. Рамазанов*

*«Шемонаиха ауданының медициналық*  
*бірлестігі» КМҚК директорының*  
*міндетін атқарушы* *Т. Толстопятова*

Шемонаиха ауданы әкімдігінің  
2011 жылғы 18 наурыздағы  
№ 332 қаулысына  
1 қосымша

## **Аудандық шақыру комиссиясының ҚҰРАМЫ**

**Ескерту. 1-қосымшаға өзгерістер енгізілді - Шемонаиха ауданы әкімдігінің  
2011.05.11 № 383 (жарияланғаннан кейін 10 күн өткеннен соң қолданысқа**



№ р /с	Ауылдық округ атаулары	барлығы	қазан					қараша						желтоқсан				
			25	26	27	28	31	1	2	3	4	9	23	30	7	14	21	28
1	Вавилон	54						К						К				
2	Выдриха	34							Е					У				
3	Волчанка	54								Л					Ә			
4	Каменевский	56									М				Л			
5	Усть-Таловка	110										Е			А			
6	Октябрьский	30											У			Н		
7	Разинский	31														Д	Ы	
8	Верх-Убинский	47														Р		
9	Зевакино	68															У	
10	Первомайский	155																
11	Шемонаиха қ.	337	50	50	50	26												
	сотталғандар	44				24	20											
	Барлығы	1020	50	50	50	50	20											

*Шемонаиха ауданы қорғаныс  
істері жөніндегі бөлімі  
бастығының уақытша  
міндетін атқарушы Р. Абдрахманов*